



Автор: КУЛАМАНОВА МАЛИКА ТАСБУЛАТОВНА

Пән: География

Сынып: 8-сынып


Бөлім: Халық географиясы

Тақырып: Демографиялық көрсеткіштер мен демографиялық жағдай

Сабақ мақсаты	8.4.1.3 елдердің демографиялық жағдайын талдап, демографиялық көрсеткіштерін есептейді: халық саны, туу және өлім коэффициенттері, табиғи және механикалық өсім, жалпы өсім, жас-жыныстық көрсеткіштер, ұлттық және діни құрам 8.4.1.4 елдердің демографиялық көрсеткіштерін графикалық түрде ұсынып, түсіндіреді Барлық оқушылар: Елдердің демографиялық көрсеткіштерінің өзара байланыстарын аша алады, елдердің демографиялық жағдайына ықпал ететін факторларды талдай алады. Оқушылардың басым бөлігі: елдердің демографиялық жағдайын анықтап, оның көрсеткіштерін есептей алады; Кейбір оқушылар: елдердің демографиялық көрсеткіштеріне графикалық түрде ұсына алады.
---------------	---

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың мақсаты (0-3 4-10)	Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу. Психологиялық тренинг. 1-тапсырма Елдердің демографиялық көрсеткіштері. Статистикалық көрсеткіштер негізінде халықтың табиғи өсімі коэффициентін есептеп шығару және халықтың табиғи кемуі немесе өсуі байқалатын елдерді анықтап және әсер етуші факторларды сызба түрінде көрсету. ЕлдерХалық саны, млн адамТуу коэффициенті (промил-ле)Өлім коэффициенті (промил-ле)Табиғи өсім коэффициенті (промил-ле)Судан42,1378 Мали17,34413 Нигер19,7499 Канада36,2118 Чили18,2146 Эстония1,31112 Украина42,71014 Сербия7,1915 Дескриптор: 1. Халықтың табиғи өсім коэффициентін есептейді. 2. Халықтың табиғи кемуі немесе өсуі байқалатын елдерді анықтап, оған әсер етуші факторларды сызба түрінде көрсетеді.	Қалыптастырушы бағалау «Бас бармақ»

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (11-20 20-30 30-36)	2-тапсырма Жұптық жұмыс  А) Келесі мәліметтерді пайдаланып графикті толтырыңыз жасыерлерәйелдер10-1463961070-74106179 Б) Халықтың жас ерекшеліктеріне қарап, әйелдердің ең көбі қай жастағылар екенін көрсетіңіз В) Алдағы уақытта пирамида формасының өзгерісіне болжам жасаңыз. Қосымша сұрақ: Әлемдегі ер адамдар мен әйел адамдардың арақатынасын анықтаңыз. Дескриптор. Оқушылар: 1. Қазақстан халқының жас- жыныстық көрсеткіштері арқылы жас-жыныстық пирамидасына талдау жасайды. 2 Қазақстан халқының болашақтағы өзгерісіне болжам жасайды 3-тапсырма. (Жеке жұмыс) Төмендегі елдердің жастық-жыныстық құрылымының көрсеткіштері негізінде график құрастырып, оған талдау жасау. Елдердің жастық-жыныстық құрылымы. Елдер 0-14 жастағылар15-64 жастағылар65-тен жоғарыМексика16%78%6%Суринам40%53%7%Финляндия13%67%20%Грузия30%56%14%АҚШ32%53%15% Дескриптор 1. Елдердің жастық-жыныстық құрылымының көрсеткіштері негізінде график құрастырады. 2. Елдердің жастық-жыныстық құрылымы көрсеткіштері негізінде оған талдау жасайды.	
Сабақтың соңы (37-40)	Кері байланыс Кері байланыс. «Кемеңді білім теңізіне жібер» Сабақты түсінуіне байланысты өз кемесін теңізге жіберу. Жақсы түсінсе теңіз ортасына жіберетін, бірақ түсінбесе шетіне, түсінбесе жағалауда қалдырады. 5e1614375663c.png Image not found or type unknown	5e1614375663c.png Image not found or type unknown